

Ақсу ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Алматы облысы Ақсу ауданды әкімдігінің 2021 жылғы 11 қазандағы № 505 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 15 қазанда № 24783 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияла - Жетісу облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 11.09.2023 № 309 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1-тармағына сәйкес, Ақсу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақсу ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияла - Жетісу облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 11.09.2023 № 309 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақсу ауданы әкімінің орынбасары С. А. Кусмолдинге жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу ауданының әкімі

Е. Базарханов
2021 жылғы 11 қазандағы № 505 қаулы
сына қосымша

Ақсу ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)	Қызмет саласы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, (жыл)

1	Қапал ауылы, Аль-Фараби және М.Алыбаев көшелерінің қиылысында (оң жағында "Алатау" дүкені орналасқан)	90	"Алатау" кафесі	Бөлшек сауда (ауыл шаруашылық өнімдерін сату)	5
2	Матай ауылы, Кисабек көшесі, "Матай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімшілік ғимаратының оң жағында	450	"Қайша" дүкені	Бөлшек сауда (ауыл шаруашылық өнімдерін сату)	5
3	Қызылағаш ауылы, Алматы-Өскемен трассасы бойында, Қызылағаш су тасқыны құрбандарына арналған ескерткіштің сол жағында	900	жоқ	Бөлшек сауда (ауыл шаруашылық өнімдерін сату)	5
4	Көлтабан ауылы, Тас жол көшесі, намазхана ғимараттың оң жағында	968	жоқ	Бөлшек сауда (ауыл шаруашылық өнімдерін сату)	5